



**MATERIAŁY
IX MIĘDZYNARODOWEJ
NAUKOWI-PRAKTYCZNEJ
KONFERENCJI**

**STRATEGICZNE PYTANIA
ŚWIATOWEJ NAUKI – 2013**

07-15 lutego 2013 roku

**Volume 19
Filologiczne nauki**

Przemyśl
Nauka i studia
2013

циал, являясь одним из средств, превращающих обучение иностранному языку в живой творческий процесс. Конечно, не следует забывать, что учат учителя, а не компьютеры. Компьютер – всего лишь сложная машина на службе у человека, и она никогда не заменит учителя. Однако приведем замечание Билла Гейтса «Все компьютеры в мире ничего не изменят без наличия увлеченных учащихся, знающих и преданных своему делу преподавателей».

Подводя итог выше сказанному, следует еще раз отметить, что интернет-ресурсы предоставляют студентам отличную возможность творчески применять пройденный языковой материал на базе своих профессиональных знаний и позволяют студентам адаптироваться к реальным и потенциально возможным ситуациям. Будучи интерактивным методом обучения, он завоевывает позитивное отношение со стороны студентов, которые видят в нем возможность проявить инициативу, почувствовать самостоятельность в освоении теоретических положений и овладении практическими навыками.

Литература

1. Андреев А.А. Введение в Интернет-образование. Учебное пособие. – М.: Логос, 2003. – 76 с.
2. Панина Г.С., Вавилова Л.Н. Современные способы активизации обучения: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Т.С. Панина, Л.Н. Вавилова; Под ред. Т.С. Паниной. – М.: Издательский центр «Академия», 2006.
3. Ажель Ю. П. Особенности внедрения Интернет-технологий в организацию самостоятельной работы студентов при обучении иностранным языкам в неязыковом вузе // Молодой ученый. – 2011. – №6. Т.2. – С. 116-119.
4. Беркимбаев К.М., Мухамеджанов Б.К., Нышанова С.Т., Керимбаева Б.Т. Использование Интернет-ресурсов при обучении иностранным языкам в вузе // Вестник Российского университета дружбы народов.-Серия информатизации. -2012.-№2. с. 98-105.

Қортабаева Гүлжамал Қыдырбаевна
 Әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университеті
 түркітану кафедрасының доценті, филол.г.к.
 Алматы, Қазақстан

МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТАНЫМ: С.ҚОНДЫБАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТІЛДІК ЖӘНЕ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР

Бүгінгі тілтанымдық зерттеулер үрдісі бұрынғы заманнан бастау алған, халық сана-сезіміне сіңіп, жадында жатталған жалқы есімдер тарихына үнілу, олардың табиғи сырын ашып, тілдік қолданыс аясын анықтау, ұлт мәдениетімен сабақтастыра салыстыру тіл тарихының ұлт тарихынан да ұзақ екендігі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар тоғысында қарастырылады.

Тіл құпиясы мен сыры ғылымның басқа салаларымен (психология, антропология, мәдениеттану, мифология т.б.) тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде танылып, ашылады. Өйткені кез келген ұлттық тілдің сырын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түпкі тамырын білу қажет, яғни еріксіз мифке жетелейді. Сондықтан осы мифологиялық танымды тарихи, географиялық, фольклорлық, лингвистикалық мәліметтермен ұштастыра отырып, кейбір мәселелерді шешуге пайдаланбақпыз.

Осындай құнды еңбектердің бірі – маңғыстаулық көрнекті зерттеуші Серікбол Қондыбайдың артына қалдырған мол мұралары, ғылыми-зерттеу еңбектері. Марқұм Серікбол өзінің қысқа ғұмырында төсекте таңылып жатып, тарих, фольклор, география, этнография, лингвистика, әдеби мұраларды мифологиялық реконструкция тоғысында ұштастырып, 80-нен аса ғылыми макала жазып, соны қадам, үлкен белеске көтерілді.

С.Қондыбайдың «Маңғыстау географиясы», «Қазақ мифологиясына кіріспе», «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары», «Қазақ даласы және герман тәңірлері», «Есен-қазақ», «Гиперборея: түс көрген заман шежіресі», «Казахская мифология», «Эстетика ландшафтов Мангистау», «Маңғыстау-нама» және төрт кітаптан тұратын «Арғықазақ мифологиясы» атты кешенді, іргелі зерттеуі қазақ қоғамтану ғылымында жоғары бағаға ие болды, «Еуразияның ұлы даласында дәурен сүрген салтанатты – көшпелілер өркениетінің тарихы мен мәдениетін, түркі тектес халықтардың адамзат тарихындағы өзіндік орнын жаңаша парықтаған бұл еңбектер байсалды ой-тұжырымдарымен жұртшылық назарын аудара білді» деп пікір жазды көрнекті қазақ ғалымдары Қ.Салғараұлы мен А. Сейдімбек [1,7].

«Ғасыр феномені» аталған Серікбол Қондыбайдың ғұмыры камшының сабындай қысқа болғанмен, жасындай жарқ етіп, әдебиет, тіл, тарих,

этнография, археология, география, химия, астрономия, философия, мәдениеттану т.б. ғылымдарды тоғыстырып, елді елең еткізер жаңалық ашты, ғылымның жаңа көкжиегінен көрінді.

Мақаланың зерттеу нысаны ретінде 362 әулиелі жер – Маңғыстауды ғана алып отырмыз, себебі Маңғыстау – бұл тек қазақ халқына қатысты тарих беттері емес, өз кезеңінде ноғайлар түгін түтетіп аруақтарын жерлеген, түркімендер Отан еткен, қалмақтар жерін жайлаған, Хиуа хандығы «меншігім» деп көз тіккен бірнеше халықтың біте қайнасып өмір сүрген мекені болған жер. Бүгінгі күні бұл аймақ – қазақ елі үшін маңызды экономикалық шикізат орталығы болса, өткен дәуір өрлеуінде халықтар конфедерациясының ядросы ретінде тарихтан өз орнын алып, бірнеше дала халқына баспана болып, талай соғыстарды басынан өткерген ноғай-қалмақ-түркімен-қазақ этномәдени бірлестігінің рухани бесігіне айналған өлке.

Маңғыстау халқының әлеуметтік-саяси және экономикалық-мәдени даму тарихы қазақ тарихының құрамдас бір бөлшегі ретінде бірнеше ғасырға созылған күрделі де қиын жолдан өтті. Тарихта тоғыз жолдың торабында орналасып, «жеті жұрт келіп-жеті жұрт кеткен» киелі мекен көшпенді өркениет әлемінде тек қазақ халқының ғана қоныстанған жері емес, өз дәуірінде оғыздан бастап ноғай, қалмақ, түркімен халықтарының интеграциялық орталығына айналған мекен.

С.Қондыбайдың айтуынша, бір жағынан, бұл – тарихы тым қарапайым, «дерегі жоқ» делінетін өлке, сондықтан осындай ізденістер жүргізуге қажетті сынақ алаңы бола алады, екінші жағынан, Маңғыстау – ізденістер жүргізуге қажетті фольклорлық базасы сол сақталған өлке, ал фольклорлық материалдар біздің жағдайымызда ең басты мифологиялық қайнар көз болып табылады.

Белгілі бір аймақтың топонимиконын тарих қалыптастырады, сөйтіп, дәуір топонимдері сақталады. Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын ономастикалық бірліктерде ұлтымыздың мәдени кодтары жатыр. Жалқы есімдердің семантикасында ұлттық құндылықтарымыз бар, нақтырық айтқанда,

басқа заттарға ұқсатып, салыстыра атайтын бейнелік топонимдер бар, оларды ресейлік ғалымдар В.Г.Костамаров пен Е.М.Веращегин «тарихи-әлеуметтік тұрғыдан коннотациялы» дей келе, **Хиросима** – жай ғана жапон қаласы емес, ядролық жарылыс құрбаны, **Киев** – орыс қалаларының анасы, яғни символдық мәнге ие екендігін айтады [2,59].

Осы тұрғыдан келгенде, **Маңғыстау** – «жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен жер», «Маңғыстаудың қара ойы, 362 әулиенің бар ойы» деп ғасырлар бойы аталуы жайдан-жай емес деп ойлаймыз. Үстірттің қыры мен Маңғыстаудың қара ойын жалғастырып жатқан он төрт құлама жалдың негізгісі «Маната» деп аталады. Бүгінде ернек қабырғасын жарып кетіп жатқан бұл асфальт жолдың салынғанына көп болған жоқ. Осы құлама жолдың екінші аты – «Қаратүйе-Маната». Манатаға ұқсас *Манатау* деген топонимді алсақ, «Манатау» – Құрманғазының осы жерге келгенде шығарған күйі және «Манатау» – Кіші жүздік жетірудағы Жағалбайлы руының ұраны. Соңғысының маңғыстаулық

Манатаға қатысының бар жоқтығы белгісіз, дегенмен оны да есім сырын ашуға пайдаланып көруге болады.

Ал осы Ман-Ата аймақ үшін қандай маңызға ие? Алдымен, оның есімінің, яғни «Ман» сөзінің бүтін жартыарал мен облыс, тарихи аймақ – Маңғыстаудың өз есімімен ұқсас болуы. Ежелгі заманнан бері Каспий маңын, оның шаруашылығын, геологиясын, географиясын, тарихын зерттеушілердің қайсысы болмасын «Маңғыстау» сөзінің шығу төркініне тоқтамай кетпейді, бірақ қазірге дейін түрліше талқыға түсіп, бірізділікке түскен емес.

Ең алғаш рет «Маңғыстау» сөзіне түсінік берген Махмұт Қашқари «Түрік диалектерінің сөздігі» деген еңбегінде: «Маңғыстау сөзінің «ман» бөлімі *өгіз* – түркімендер тілінде төрт жастағы қойдың аты деп, «Маңғыстау» – түркімен жеріндегі «Қой қыстау» деген географиялық атау» деп анықтама берген.

Әрине, біз «Маңғыстау» сөзін бұл шағын мақалада арнайы талдауға алып, пікір айтпақ емеспіз, дегенмен *өгіз* – түркімендер қойдан басқа мал ұстамады деген пікірге қосылғымыз келмейді. Маңғыстау түркімендері көшпелі тұрмыста болып, шөп шауып, мал азығын жинамаған, сондықтан да уақ малдан гөрі теуіп жайылатын жылқы мен ұзын тұяқты түйе малын көп ұстаған. Сол себептен де «жылқы – ер қанаты» деп қадірлесе, түйені ауыр жүк пен сүт азығын беретін түлік есебінде қадірлегені, оны халық аузында сақталған «Маңғыстаудың ойы-ай, көшекке жайы-ай» деп айтылған сөз дәлелдейді. Мұндағы «көшек» сөзі – *түйе, бота* мағынасын береді. Осыларға қарағанда, Махмұт Қашқаридың сөздігіндегі «ман» сөзі бүкіл айыр тұяқты мал арасынан шыққан жалғыз дөнен қойдың атының бүкіл бір жарты аралға географиялық атау бола қонының қисыны жоқ.

Сол сияқты Маңғыстау жерінде XI ғасырдан бері табан аудармай қоныс теуіп келген түркімендер де Маңғыстау сөзінің бұлай атауына шүбә келтіреді. Академик М.С.Буйнаковский «Маңғыстау және Үстірттің физикалық географиясы» деген кітапшасында: «А.Б.Борнеман и М.Д. Спиридинов пишут: Правильно называть этот полуостров не Мангишлак а Маңғыстау, как его и называет все местные казахское население, что означает 1000 кстау – зимовок или вечная кстау». В слове же Мангишлак искажено введено узбекское слова «кишлак» чуждое казахскому населению».

«Маңғыстау» сөзінің мәні мен тарихы жайлы түркімен ғалымы Гурман Алманиязов: «Маңғыстау» көптеген авторлардың топшылағанындай түрін өзгерткен «Мың қышлақ» емес, ешқандай өзгерісі жоқ түркімендердің әдеттегі қолданып жүрген, сөйлеп жүрген *ман* – «үлкен, кең ұлан» деген төркінін сақтаған. Сонда бұл жарты арал түркімен халқының байтақ, мол және «кишлақ» деген сөздері әуелде шыққан «кең қыстау», «ұлан байтақ қыстау» деген шаруашылық өмірінен алынған географиялық атау деген пікірі Буяновскийдің де көзқарасымен ұштасып жатыр.

Қазіргі Маңғыстау жерінде «ман» деген түбірдің ертеден қалыптасқан сөз екенін «Маната» (үлкен), Отман (биіктен от жағып, қарауыл қарайтын тау басы), «Мансуалмас» (мол сулы құдық) деген жер атаулары дәлелдейді.

Х ғасырдағы белгілі араб географы Әл-Истахри Сиях-Кух Маңғыстау туралы: «Мен бұл аймақта Сиях-Кухтан басқа адам мекендейтін жерді білмеймін. Тек сол өңірде ғана түркілердің бір тайпасы тұрады, олар бұл жерге оғыздармен болған қактығыстардан кейін қоныс аударып әдеттерін игеріп, тұрақтап қалды» деп жазса, сол уақытқа байланысты тағы бір автор Ибн Наджиф Бекранның дерегі толықтыра түскендей: «Маңғышлақ – түркілердің бір тайпасы, олар осы жерге оғыздармен болған татуластық салдарынан қоныс аударып бескүн шығанағына жаяу жерге Сиях-Кухтан қоныс тапты. Оларды маңғышлақтың адамдары деп атайды, олардың өз билеушісі бар, оны хан деп атайды» деп жазыпты. Араб-мұсылман дәуірінің авторларына тән олқылық – олардың бір аймақ туралы уақыт өзгеруіне қарамастан бірінікін бірін пайдалана беру үрдісі болғанымен, Бекран Әл-Истахрид көшіре отырып, оған толықтыру енгізген. Бұл толықтыру – Маңғыстау түбегін және оған жапсарлас аймақтарды оғыздарға дейінгі мекендеген белгісіз тайпаның *маңғышлақ* деп аталуы.

С.Қондыбай осы 9-10 ғ.ғ. Маңғышлақ тайпасының аты мен бүгінгі әулие Ман-атаның арасында тікелей байланыс бар деп есептейді. Өйткені көшпелі топонимика дәстүріндегі ат қою тәсілі бойынша белгілі бір сөздердің артына «қышлақ» деген анықтама жалғану үшін әлгі сөз: 1) нақты тарихи тұлғаның аты (ру басы, әулие, хан); 2) ру аты, яғни этноним; 3) белгілі бір шежірелік, мифтік есім (ру атасы) болуы қажет.

Осы шартқа сүйенсек, **Ман-ата – белгісіз тарихи тұлға** (хан,батыр, ру көсемі, би, абыз), **аныздық тұлға** (мифтік шежірелік аталардың бірі) немесе нақты **ру тайпалардың есімі** болып шығар еді. Осы ықтималдықты С.Қондыбай «оғыздарға дейінгі әуелі Үстірт пен Сам өңірін кейін Маңғыстауды мекендеген халықтың аты – «ман» болғандықтан, олардың аударылып, оғыздар жалпылама түрде «манның қышлақтары» деп атап, кейін бүкіл аймақтың атауына айналдырып жіберген» деп түйіндейді.

Ман ата – 9-10 ғғ үстірттік және маңғыстаулық **ман** жұртының өкілі болып табылады. Ол – сол жұрттың реалды тарихи тұлғасының есімі ме, әлде мифтік түсініктеріндегі тұлға ма? – оны дәл айту мүмкін емес. Тұлғаның мифтік генезисі тұрғысынан қарағанда, маңғыстаулық Ман-ата үндіарий мифологиясындағы бірінші адам – Ману деген бейнемен бір текті болуы әбден мүмкін деп жорамалдайды зерттеуші С.Қондыбай [3,33].

Маңғыстау топонимиясын зерттеп жүрген ғалым Б.Көшімова «ман» топоформанты «тау» және «өзен» деген мағынаны беретін үндіевропалық сөз болса, Маңғыстау атауы «тауқыстауы» немесе «таулы қыстау» деген мағына береді деп топшылайды. [4,59]. «Ман» сөзінің адам мағынасында түркі есімдерінде (Отман, Ақман, Қараман, Айтман, Алып-Манас, Алпамыс, Манашы), жалпы тілінде (көрер-мен, майтал-ман, орал-ман) қолданылуына қарап осы тұжырымды негіз етіп алған. Бастысы – Ман-ата Маңғыстаудың Жер-су иесі іспетті символдық координаттары болып табылады. Біріншісі – «Вара» танымдық жүйесінің түсініктері. Есен-ата – Асан қайғы, Орманбет,

«ман» – дар (Манашы, Маната, Отман, Қараман, Ақман т.б.) сияқты образдардың түп-қайнары осы мәдениетте жатыр [5,29].

«Ман» сөзі адам аттарында да, жер атауларында да өте көп кездеседі, әсіресе, Маңқыстауда. Мысалы, Маңқыстауда көп кездесетін адам аттарының бірі Қараман – қара адам, Сарман – сары адам, Ақман – ақ адам, Нұрман – жүзі нұрлы, шұғылалы адам, Айман – ай дидарлы адам (қыз) деген ұғымды білдіреді, Нұғман – Нұқ пайғамбардың есімі. Інжіл кітабында Ной – топан су туралы аңыздың кейіпкері.

Екіншісі – сопылық (суфистік) мәдениеттің далалық исламдық қағидаларға сәтті бейімдей алуы. Ежелгі Маңғыстау – үстірттік және жан-жақтан қашып келген жеке адамдар мен ру-тайпалардың діни түсініктері, халифтері мен эпостары тек осы сопылық ислам уағызшыларының арқасында бірыңғайланып, ортақ түсініктер мен образдарға айналды. Ежелгі әр түрлі сипатты мифтік образдар енді бірыңғай, стандарт бейнелі «сопы жағдайына» айналып шыға келді. Біз Баба түкті Шашты атаның да, Шопан-ата мен Шақпақ-атаның, Масат-ата, Түкті-ата мен Қалипаның, Қапам мен Қараман-атаның, Есен-атаның және басқалардың қай-қайсысының образдарына ежелгі алуан-түрлі мифтік сипат алғандығын айтуға болады.

Міне, киелі өңірдің шағын топонимиялық тізімінде осындай атаулар жинақталған. Әулиеге деген сенім екі мың жыл бойына киелі Маңғыстауда үзіліссіз келеді. Әр топонимикалық тұлғада жүрегіне ыстық естілетін, мәңгілік жадында қалатын атамекен атаулары бар десек, артық айтпаған болар едік. Атамекен атаулары кіндік қаны тамған, балалық шағы өткен, еш уақытта ұмытылмас, қимас Отанының, ата жұртының символы іспетті екені баршамызға аян, сол себепті осындай киелі ұғым Маңғыстау топонимиялық әлем көрінісіне тән деп айтуымызға болады. Осындай символдық атаулар мен тілдік деректер зерттеуші С.Қондыбай еңбектерінде айрықша көрініс тапқан. «Бұл тұста ономастикалық деректер халықтардың ұлттық менталитетінен, тұрмыстық және мәдени ерекшеліктерінен, олардың шығу тегі мәселелерінен, көші-қонысынан мәлімет береді» [6,45].

Әйгілі шығыс зерттеушісі, академик-ғалым В.В.Бартольд «түркі тілдес халықтар арасында топоним атаулары өзінің қарапайымдылығымен, әрі тарихи деректілігімен, жерінің қасиетіне сәйкес аттарын дәл тауып қоятын тапқырлығына таң қалдырып отырады» деген пікірі біздің мақаламыздың мақсатын айқындайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
2. Верашагин Е.М., Костамаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – М: Русский язык, 1990
3. Қондыбай С. Казахская мифология. – Алматы: Нұрлы әлем, 2005.

4. Көшімова Б.А. Маңғыстау топонимиясындағы ежелгі тілдік қабат // Сөз семантикасы: лексикография, семасиология, терминология. Алматы, 2009.
5. Қондыбаев С. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. – Алматы, 2000.
6. Мәдиева Г.Б. Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы, 2005.
7. Мір Шайыр. Ман ата немесе «Маңқыстау» атауының шығу тарихы туралы // Ана тілі 3-Наурыз, 2011

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются мифологические и лингвокультурологические аспекты в научном исследовании С.Кондыбаева, а также приведены этимологические разгадки топонимов окрестностей Мангыстау.

SUMMARY

The article deals with mythological and linguistic aspects in S.Kondybai's research. The author solves the problems connected with etymological toponyms of Mangystau suburbs.

Каппасова А.Ш. КарМУ, магистрант
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., проф. Мажитаева Ш.М.

АДАМНЫҢ ЖАҚСЫ/ЖАМАН МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

«Заман толқыны тарих теңізінің жағалауына көркем өнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырды... Сол асылдардың асылы – адам баласының рухы мен ақыл-ойын барша ұрпаққа паш еткен ескіrmес, өлмес, өшпес өлең-жыр» [1,6] және көне мәдениеттің көзі, сөз мәйегі – мақал-мәтелдер, қанатты сөздер. Сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасалып, екшеліп, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалып жатқан ауыз әдебиетінің бай салаларының бірі мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің ұлтымыз үшін алар орны ерекше. Мақал-мәтел, қанатты сөздер – ата-бабадан ұлағатты сөз, парасатты ой ретінде ұрпақ еншісіне тиген мол қазына. «Олар ел-жұрт өмірінің айнасы, табиғи шындықтың өзі» [2, 22]. Егер зерделеп қарасақ, әрбір мақалдың күнделікті өмірдің өзінен алынғандығына айқын көз жеткіземіз. Және сол мақал-мәтел – дер кезінде тура тауып, суырып салып айту сияқты дана қазақтың ешбір ұлтта қайталанбас қасиетінің негізінде өмірге келген құнды дүние. Бұл жөнінде ауыз әдебиетінің шағын жанры мақал-мәтелді алғаш зерттеушілердің бірі, қазақтың жарық жұлдызы Ш.Уәлиханов былай дейді: «Мақалдарда халық ойының ең түйінді, ең қысқа, дәл тұжырымдалған мәуелі жемісі жинақталады» [3, 45].

Көлемінің ықшамдылығына қарамастан, күрделі, терең ойды беретін мақал-мәтелдерді тіл білімінде, әдебиет әлемінде зерттеу ерте кезден қолға алынды. Мысалы, мақал – мәтелдердің тілдік табиғаты, олардың басқа тұрақты тіркестермен ұқсастықтары немесе ерекшеліктері А.Байтұрсынов, І.Кенесбаев, Р.Сәрсенбаев, Б.Адамбаев, Ә.Қайдар, С.Нұрышев, Ғ.Мұсабаев, М.Ғабдуллин, Ғ.Тұрабаеваның еңбектерінде, салыстырмалы – салғастырмалы тұрғыдан А.Нұрмаханов, Э.Мұқышева, А.Дондаева, Д.Бегалықызының т.б. жұмыстарында қарастырылған. Фольклорист зерттеуші М.Әуезов те зерттеу еңбегінде халық ауыз әдебиетінің 4 түрін: сыршылдық салт өлеңдер, әңгімелі өлеңдер, айтыс-таппак және ертегі, мақал-мәтел, жұмбақ деп бөліп көрсетеді де, мақал-мәтелдерге қысқаша тоқталады. Сондай-ақ мақалдарды, мәтелдерді жинастыра отырып зерттеуде Ш.Уәлиханов, В. Радлов, А.В. Васильев, П.М. Мелиоранский, Ә. Дибеев, Ө.Тұрманжанов, С. Аманжолов, Ә.Құрышжанұлы сынды ғалымдардың еңбегі зор. Мәселен, көрнекті ғалым Ш.Уәлиханов қазақтың үш жүздей мақал-мәтелін жинастырған.

Ал Машһүр Жүсіп Көпейұлының есімі қазақ халқының мақал-мәтелдерін ұзақ жылдар бойы жинап, зерттеп, зерделеген ғұлама ғалым ретінде ерекше аталуы тиіс. Ғалымның ерекшелігі, өзі жинаған мақал-мәтелдерді тақырып бойынша топтастырған. Қазақтың «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді», «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» сынды кейбір мақалдарының шығу төркінін анықтап, соларға қатысты деректер жинаған. Алдағы жұмысымызда ғалымның жинастырған мақал-мәтелдерін негізге алып отырамыз.

Жалпы, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді өте ертеден, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен, орта ғасырдағы М.Қашқаридің «Түркі сөздерінің жинағынан», Ж.Баласағұн, С.Сарайи, А.Йүгінекидің зерттеу еңбектерінен кездестіруге болады. Осы сынды келесі дәуір толқындары Майқы би, Бұқар, Шалкиіз, Абай, Шәкәрім сөздерінің барлығы дерлігі тек ізгі қасиеттерді уағыздайтын ғибрат, өсиет сөздер. Сол сияқты Қадыр Мырза Әлі, Әзілхан Нұршайықовтың қанатты сөздері басылым беттерінде жариялануда.

Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің тақырыптары әр алуан: туған жер, ел-отан, еңбек, денсаулық, өнер, төрт түлік мал, егіншілік, денсаулық, өнер, егіншілік кәсібі, ынтымақ, достық, ерлік, батырлық, жақсы адам мен жаман адам т.б. Біздің зерттеу жұмысымызда адамның мінез-құлқына байланысты, жақсы мен жаман қасиетіне қатысты мақал-мәтелдер, қанатты сөздер қарастырылады. Білетініміздей, қоршаған ортадағы барлық заттар мен құбылыстар «жаман», «жақсы» принципі бойынша бағаланады. Сол сияқты адам мінезінің де жақсы және жаман жақтары болады. Кесте түрінде келтірсек: